

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
20 жылғы «» _____
№ ____ бұйрығына -қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуір
№ 115 бұйрығына -қосымша

Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар мектеп оқушыларын оқытудың негізгі мазмұны өмірлік дағдылар, қоғамға қолайлы мінез-құлық дағдылары болып табылады, оларды меңгеру білім алушылардың күнделікті типтік жағдайларда көмекке мұқтаждығын азайтуға көмектеседі. Академиялық білімді қалыптастыру аясында білім алушылардың мүмкіндіктер қоры аз, себебі танымдық іс-әрекеттің мақсатты әдістерін қалыптастырудағы айқын қиындықтары байқалады.

3. Бағдарламаның мақсаты білім алушыларда жақын қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру, білім алушыларды оқыту мен алғашқы әлеуметтендірудің түзете-дамыту функциясын жүзеге асыру болып табылады.

4. Бағдарламаның оқу мақсаттары:

1) өзі және қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыру;
2) адам өміріне қажетті тұрмыстық заттар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

3) әлеуметтік дағдылар мен құзыреттерді, микроәлеуметтік орта туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру;

4) дербестікті дамыту, оқушылардың белсенділігін қолдау.

5. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері :

1) айналадағы адамдардың, өсімдіктердің, жануарлардың, табиғат құбылыстарының алуан түрлілігіне қызығушылықты ояту;

- 2) танымдық белсенділікті, негізгі психикалық функцияларды (қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау, мінез-құлық пен белсенділікті реттеу) дамыту;
- 3) сөйлеу тілі және қарым-қатынастың басқа түрлері арқылы айналадағылармен қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру, оқушылардың сөздік қорын молайту;
- 4) табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

6. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

- 1) ұжымдық оқыту жағдайындағы оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігін;
- 2) фронтальды жұмыста қолданылатын мұғалімнің бағыттаушы, ынталандырушы көмегіне әлсіз реакциясын;
- 3) сөйлеудің коммуникативтік, реттеуші, жоспарлау функцияларының өрескел дамымауы;
- 4) қырық бес минут ішінде бір оқу пәнінің мазмұнына назар аудару және өз белсенділігін қамтамасыз ету үшін кіші жастағы оқушылардың шағын ресурсын;
- 5) қалыптастырып жатқан дағдыларды машықтандырудың қиындықтарын.

7. Бастауыш сыныптарда педагогикалық іс-шаралар ересектермен және балалармен әрекеттесуды, ынтымақтастықты орнатуды қамтитын дағдалардың қажетті алғышарттары мен меңгеру амалдарын қалыптастыруға бағытталған.

8. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаларына негізделеді.

9. Педагогтер оқушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай, өзіндік қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, оқушылардың дағдыларды дамыту мен меңгерудегі минималды жетістіктерін тіркейді. Кез келген прогресс оқудың оң нәтижесі ретінде қарастырылады.

10. Педагогтер осы Бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен тұлғалық және білім алуудағы жеке жетістіктерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, әдістерді, нысандарды, оқу-әдістемелік құралдарды дербес таңдайды.

11. Оқу-тәрбиелеу үрдісі оқудың барлық кезеңінде пәндік іс-әрекет негізінде құрылады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын пәндік ортаны құру кезінде келесі ережелер сақталады:

- 1) дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруды сол дағдылар қолданылатын жағдайға барынша жақын жағдаятында жүзеге асыру, бұл

білім мен дағдыны жаңа жағдаятына көшірудегі елеулі қиындықтарға байланысты;

2) сабақты ұйымдастыруға арналған бөлмелерді жабдықтау нақты өмірлік жағдайларды бейнелеуі керек;

3) оқушылардың мүмкіндіктерінің өзгеруіне сәйкес пәндік ортаны өзгерту (күрдендіру, кеңейту).

12. Әрбір сабақтың мазмұны оқушыға іс-әрекеттің әр түрлерін (пәндік, ойын, сөйлеу, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас) пайдалана отырып, түрлі анализаторларға негізделіп жақын әлеуметтік және пәндік ортаның ерекшеліктерін, өз қабілетін тануына ықпал етеді. Мұғалімдер бір сабақта әртүрлі пәндердің мазмұнын интеграциялау арқылы біріктіреді.

13. Білім берудің интеграцияланған сипаты мектептегі оқудың алғашқы 2-4 жылында пәндік емес білім беру арқылы жүзеге асырылады, кейін ол пәндік оқытуға кезең-кезеңімен ауысады. Оқушылардың пәндік емес оқыту кезінде мақсатты іс-әрекетін ұйымдастыру үшін өтпелі тақырыптық жоспарлау қолданылады.

14. Бағдарлама оқу жылының әр аптасы үшін өтпелі ортақ тақырыпты анықтайды. Тақырыптарды және олардың реттілігін анықтау кезінде «Мен баламын» концентрінен (оқушының өзі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзіне деген оң көзқарасын қалыптастыру) «Бала және оның әлемі» концентріне (жақын ортасы жайлы: оның отбасы, үйі, ойыншықтары, мектебі, сыныбы, сыныптастары туралы түсінік қалыптастыру) және одан әрі «Бала және үлкен әлем» концентріне (өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғат құбылыстары) өту қағидасы қолданылған.

15. Қайталауды және бірте-бірте кеңейтуді, оқытылатын ұғымдарды, лексиканы, фразеологизмдерді, практикалық жаттығуларды күрделендіріп отыруды көздейтін концентрлік қағидасына сәйкес өтпелі тақырыптар әр сыныпта ортақ тақырып ретінде қайталаынады. Мектептің педагогикалық кеңесі аймақтық ерекшеліктерді және оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, пәнге және ортақ тақырыптардың ретіне өзгерістер енгізе алады.

16. Білім алушыларда ойлаудың, қарым-қатынастың, сөйлеу тілінің (оның жоқтығына дейін) дамуында спецификалық проблемалары бар. Бұл проблемаларды компенциялау әрбір жеке жағдайда педагогикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Сөйлеуді түсінуді дамыту, вербальды және баламалы қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, оқушылардың бейнелеу-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар бірізділікпен жүргізіледі. Мұғалімнің сөйлеуі, өзінің және балалардың іс-әрекетін сөйлеумен сүйемелдеуі мөлшерлі және оқушыларға түсінікті болуы керек.

17. Оқыту үрдісі тек мазмұнды ғана емес, ұйымдастыру формаларын да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақты дәстүрлі түрде өткізудің тиімділігі төмен.

18. Сабақты ұйымдастырған кезде әр оқушыға қажеттілік туындаған сәтте іс-әрекет түрін өзгертуге немесе демалуға болатындай мүмкіндікті қарастырады.

Жеке жұмысты орындау, жеке қарқынмен жұмыс жасау, мұғалімнің жеке көмегін алу үшін жағдайлар жасалады.

19. Оқушыларға сабақ барысында сыныпта еркін қозғалуға, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде отырып, тұрып, сыныптастарымен бірлесіп орындауға, сыныптастарының жұмысын бақылауға мүмкіндік беріледі.

20. Арнайы педагогика қағидаларына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар оқушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамашылдығы мен дербестігін дамытуға бағытталған. М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін арнайы дайындалған пәндік дамытушылық ортада басқа арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялармен ұштастыра пайдалану ұсынылады.

21. Бағдарламаны игеру барысында білім алушылардың белсенділігі мен дербестігі қалыптасатын қызметтің негізгі түрлері:

1) қоғамдық өмірдің құбылыстарын, жанды және жансыз табиғатын бақылау;

2) пәндік-практикалық қызмет;

3) ойын әрекеттері және ойын іс-әрекеті;

4) әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекет;

5) білім алушылармен және жақын ортаның ересектерімен қарым-қатынас;

6) оқу қызметі (оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес).

22. «Айналадағы әлем» пәні бойынша сабақтарда оқытудың негізгі әдістері: мұғалімнің әрекет әдісін көрсетуі, көрсету және үлгі бойынша жаттығулар, ұйымдастырылмаған және арнайы ұйымдастырылған бақылаулар, оқушылардың өмірлік тәжірибесін кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

23. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мыналарды пайдалану керек:

1) бала мен ересек адамның бірлескен әрекеттері, еліктеу әрекеттері;

2) оқытушының жетекшілігімен объектілерді қарау;

3) табиғат құбылыстарын, қоршаған дүние объектілерін, тірі объектілерді серуендер мен экскурсиялар кезінде бақылаулар;

4) заттардың, объектілердің олардың сәйкес бейнелерімен үйлестіру, одан кейін оларды атау немесе ыммен көрсету;

5) заттарды, иллюстрацияларды дербес атау және/немесе педагогтың ауызша нұсқауы бойынша көрсету;

6) заттармен ойын жағдайында пайдалану, оларды функционалдық маңызына сәйкес қолдану, заттардың, объектілердің қасиеттері мен сапаларын практикалық әрекет арқылы тану.

24. Бағдарламаның мазмұны ұсыныс түрінде берілген. Педагог оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Дағдылардың ойдағыдай нәтижелі қалыптасатын жағдайында, зиятының жеңіл түрінде бұзылыстары бар білім

алушыларға арналған «Айналадағы әлем» пәні бойынша Бағдарламаның оқу материалын пайдалануға болады.

25. Бағдарлама мазмұны білім алушының жеке оқу бағдарламаларын дайындаудың негізі болып табылады, жеке бағдарламалар оқушылардың қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып, жарты жылда бір рет қайта қаралады. Жеке оқу бағдарламасы арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде құрастырылады.

26. Оқу жетістіктерін баллдық бағалау қолданылмайды. Мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалау үшін сипаттамалық бағалау қолданылады.

3 - тарау. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің мазмұны

27.. «Айналадағы әлем» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

28. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің негізгі мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды :

- 1) «Мен және қоғам»;
- 2) «Табиғат»;
- 3) «Менің Отаным – Қазақстан».

29. «Мен және қоғам» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мен және менің отбасым, достарым;
- 2) менің үйім;
- 3) мектеп.

30. «Табиғат» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғаттағы маусымдық өзгерістер;
- 2) өсімдіктер;
- 3) жануарлар.

31. «Менің Отаным – Қазақстан» бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

- 1) менің қалам, ауылым;
- 2) көлік. Жол ережелері;
- 3) халыққа қызмет көрсету аясы.

32. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін айту, отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомын құрастыру. Сыныптастарын есімдері бойынша тану. Менің үйім: ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге (үстел, орындықтар, диван, кереует, шкаф) арналған бөлмелер мен жиһаздардың тағайындалуы. Ойыншықтарды атау. Мектеп: ересек адамның көмегімен мектеп аумағындағы бөлмелерде (дәліз, сынып, асхана, дәретхана, жатын бөлме, спорт залы) бағдарлау. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін ақырын ашу-жабу, орындықтың шусыз қозғалту. Сыныпта өзінің жұмыс орнын тану, оқу құралдарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Мектеп қоңырауының мағынасын түсіну. Мектепте, сыныпта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу. Мұғалімдерге, сыныптастарына, мектеп жұмысына деген жағымды эмоционалды қатынас. Сабақта және сабақтан кейін сыныптастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік қолайлы тәсілдерін пайдалану. Ойыншықтар мен оқу заттарды ажырату;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жыл мезгілдерінің ауысуын, ауа райы жағдайын бақылау (жылы, суық, аяз, күн, жел, жаңбыр, қар). Табиғаттағы өзгерістерді бақылау: жапырақ түсі, жапырақтың түсуі, шөптердің қурап қалуы, ағаштардың қысқы тыныштық кезеңі, ағаштар мен бұталардың гүлденуі, гүлдердің құлпырап ашылуы. Жаңбырды, қарды, желді тікелей сезіну арқылы тану. Жыл мезгілдеріне байланысты киімді зерттеу. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Мектеп ауласына экскурсия. Өсімдіктер: көкөністер мен жемістерді түсіне, пішініне, дәміне қарай ажырату (мысалы, сәбіз, алма). Бақшадағы, жылыжайдағы және бақшадағы бақылаулар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық), жабайы жануарлардың (қоян), құстардың (тауықтың), жабайы құстардың (торғай), жәндіктердің (қоңыз), аквариум балықтарының сыртқы түрін, әдеттерін зерттеу. Жануарлар мен құстардың қозғалып жүруін, қоректенуін бақылау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: әнұранды тыңдау, әнұран орындалғанда оқушының өзін-өзі ұстауы, Қазақстан туына зерделеп қарау. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Жақын ортаның негізгі объектілері. Көлік (автобус). Қалада жаяу жүру ережелерін меңгеру. Бағдаршамның сигналдарын тану. Қоғамдық көлікті қолдану ережелері. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторы: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып алу, сатып алушы мен сатушы, пошта қызметкері, дәріхана, медициналық қызметкерлер арасындағы әрекеттесу үрдісін бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айғайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу; қоршаған ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу, өзгелердің заттарын алмау.

33. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін атау, отбасы мүшелерінің (ана, әке, әже, ата) есімдерін атау. Отбасылық альбомды зерделеп қарау (отбасындағы мерекелер – отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерін фотосуреттерінен тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: өз үйін, жақын айналадағы заттарды тану. Ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге арналған бөлмелер мен жиһаздардың (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) функционалды маңызын біліп айту. Отбасында қолынан келетін шаруашылық міндеттерін орындау. Мектеп: мектеп аумағындағы бөлмелерде (дәліз, сынып, асхана, дәретхана, жатын бөлме, спорт залы) ересек адамның көмегімен, өз бетінше бағдарлау. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін ақырын ашу-жабу, орындықтың шусыз қозғалту. Саныпта өзінің жұмыс орнын тану, оқу құрал-жабдықтарына, заттарға, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Өз портфелін және оқу заттарын тану (қарындаш қорабы, дәптер). Мұғалімнің көмегімен сабаққа қажетті заттарды портфельден алып шығару, мұғалімнің көмегімен сабақтан кейін заттарды портфельге қайта салу. Мектеп портфелін, қарындаш қорабын, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу. Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Мектеп қоңырауының мағынасын түсіну. Мектепте, сыныпта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу; қоршаған заттық және табиғи ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау. Мұғалімдерге, сыныптастарына, мектеп жұмысына деген жағымды эмоционалы оң көзқарасын білдіру. Сабақта және сабақтан кейін сыныптастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік қолайлы тәсілдерін пайдалану;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: ауа райы жағдайын бақылау (жылы, суық, аяз, күн, жел, жаңбыр, қар). Кешегі мен бүгінгі ауа райын салыстыру, ауа райын, күз айларындағы табиғаттың өзгеруін (қатты суыт, жаңбырлы күндер). Мұғалімнің күз айларын атауы. Күз айларында өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: жапырақ түсінің өзгеруі, жапырақтың түсуі, құстардың кетуі. Жылдың әр мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Көктем айларында табиғатта болатын өзгерістерді бақылау (ауа райының жылынуы, мұз айдыны, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жарылуы). Жыл мезгіліне сай киім. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Мектеп ауласына экскурсия. Өсімдіктер: көкөністерді түсі, пішіні, өлшемі, дәмі, иісі (сәбіз, қияр) бойынша салыстыру және ажырату. Жемістерді түсі, пішіні, көлемі, дәмі, иісі (алма, алмұрт) бойынша салыстыру және ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және жеміс бағындағы бақылаулар. Көкөністер мен жемістерді салыстыру. Көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша жіктеу, жалпылау сөздерді қолдану. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару). Жидектер (таңқурай). Жидектер қосылған тағамдар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық, ит) сыртқы түрін, негізгі дене мүшелерін, әдеттерін зерттеу. Үй

жануарларына күтім жасау. Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі) сыртқы түрін, негізгі мүшелерін, әдет-ғұрпын, қоректенетін жерін, мекендеу ортасын зерттеу. Үй құстарының (тауық, үйрек), жергілікті жабайы құстардың (мысалы, көгершін, торғай) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, қоректенуін зерттеу. Жәндіктердің (қоңыз, көбелек), өзен балықтарының сыртқы түрі мен қозғалу әдістерін зерттеу;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: Әнұранды тыңдау, әнұран орындалған кездегі оқушының дұрыс тұрысын сақтау. Қазақстанның туын тану. Домбыраны қарап зерттеу, домбыра үнін тыңдау. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Көлік: бағдаршамда жол ережесін сақтау, зебра арқылы өту. Автокөліктердің, автобустардың қозғалысын бақылау. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторынан: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып алу үрдісін, сатып алушы мен сатушы, пошта қызметкері, дәріхана, медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айғайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу; қоршаған объективті ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, пошта, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет айту, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді шусыз ашу-жабу. Қоғамдық орында қоршаған орта объектілеріне ұқыптылықпен қарау.

34. 3-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің негізгі мазмұны:

1) Мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін, тегім (фамилиясын), отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомға шолу жасау (отбасындағы мерекелер, отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерінің суреттерін тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: өз үйім, айналадағы заттарды тану, олардың мақсатын атау. Пәтерді, үйді тазалауға көмектесу. Ас үй, жатын бөлме, қонақ бөлмесін танып, оларды атау, жиһаздарын (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) тағайындалу маңызын білу және айту. Мектеп: мектеп ғимаратында еркін жүріп өз сыныбына, дәретханаға, асханаға, дәрігерлік кабинетке, жатын бөлмеге, спортзалға жол тауып бару. Сыныптағы мұғалім үстелін, оқушылардың жұмыс үстелін, оқулықтар мен дидактикалық материалдарға арналған шкафты, тақтаны атаулары бойынша тану. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін шусыз ашу-жабу, орындықтың ақырын қозғалту. Сыныпта өз жұмыс орнын тану, жұмыс орнын ретке келтіру. Оқу заттарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Өз мектеп портфельін және оқу заттарын тану (қарындаш қорап, дәптер). Портфельден сабаққа қажетті заттарды мұқият шығару: мұғалімнің көмегімен, өз бетінше. Сабақтан кейін оқу заттарын портфельге ақырындап қайта салу: оқытушының көмегімен, өз

бетінше. Портфельді, қарындаштар, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу. Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Проблемалық жағдайда мұғалімнен, сыныптастарынан көмек сұрау, көмекке ризашылық білдіру; сыныптасына көмектескісі келетінін көрсету. Басқа оқушыларға кедергі келтірмей, солармен қатар жұмыс жасау.

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: табиғаттың күзгі өзгерістерін бақылау (ауа райының салқындауы, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуды). Жылы климатқа ұшып бара жатқан құстарды көру. Қыс мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау (ауа райының суығы, аяз, қар, мұз, мұзтайғақ). Көктемде табиғаттағы өзгерістерді бақылау (ауа райының жылуы, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жаруы, даланың гүлденуі). Күнделікті ауа-райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн шығуы, қар, жаңбыр). Жыл мезгіліне сай киім таңдау. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Жылдың әр мезгілінде табиғатқа экскурсиялар. Өсімдіктер: көкөністерді (сәбіз, қияр, қырыққабат) және жемістерді (алма, алмұрт, банан) түсіне, пішініне, иісіне қарай ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және жеміс бағындағы бақылаулар. Жидектерді түсі, пішіні, көлемі, дәмі, иісі бойынша ажырату (мысалы, таңқурай, қарақат). Жергілікті ағаштардың (мысалы, қайың) және гүлдердің (мысалы, түймедақ) сыртқы түрін зерттеу. Үй өсімдіктерге күтім жасау (түпқоймаларын жуу). Экскурсиялар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық, ит, сиыр) сыртқы түрін, негізгі дене мүшелерін, әдеттерін, қоректенуін зерттеу. Үй жануарларына күтім жасау. Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі, аю) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, әдеттерін, қылықтарын, қоректенуін, өмір салтын зерттеу. Үй құстарының (тауық, әтеш, қаз) және жергілікті құстардың (мысалы, торғай, көгершін) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, өмір салтын, күтімін зерттеу. Жәндіктердің (қоңыз, көбелек, шыбын) және балықтардың сыртқы түрін, дене мүшелерін (басы, денесі, құйрығы), қозғалу тәсілін бақылау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: Әнұранды тыңдау, әнұран орындалған кездегі оқушының тұрыс ұстанымдарын сақтау. Қазақстанның туын тану. Домбыраны, домбыраның үнін тану. Білім алушының тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін аралау (өзен, көл, таулар). Қала, ауыл бойынша экскурсиялар; мектептен үйге дейінгі жол. Көлік: бағдаршам сигналы бойынша жол ережесін сақтап жүру. «Зебра» өтпе жолын пайдалану. Автокөліктердің, автобустардың, пойыздардың қозғалысын бақылау. Жол ережесін сақтамаудың қауіптілігін түсіну. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Мектеп пен үйге баратын жолды білу. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторы: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып алу үрдісін бақылау, сатып алушы мен сатушы, дәріхана, пошта қызметкері, медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау:

айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекеттер жасамау, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана мен пошта қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет айту, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді ақырын, шусыз ашу-жабу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді талап ететін азық-түлік дүкенінде ересек адаммен бірге заттарды таңдау. Өнімдерді кассаға апару үшін себеттер, арбаларды пайдалану. Таңдалған бұйымдарды себетке, қоларбаға дұрыс орналастыру. Дүкенде ересек адаммен бірге қоларбаны жылжыту. Таңдалған өнімді кассирдің, сатушының алдындағы үстелге дұрыс қою. «Дүкен» рөлдік ойыны. Қоғамдық орында қоршаған орта объектілеріне ұқыптылықпен қарау.

35. 4-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің негізгі мазмұны:

1) Мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз аты-жөнін, тегін, отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомға шолу жасау (отбасындағы мерекелер, отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерінің суреттерін тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: мектепке баратын жолды білу. Отбасындағы тәртіп ережелерін орындау. Шаруашылық міндеттерін, отбасындағы қолынан келетін тапсырмаларды орындау. Ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге арналған бөлмелер мен олардың жиһаздарын (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) атау, тағайындау мақсаттарын айту. Мектеп: мектеп ғимаратында еркін жүру: өз сыныбына, дәретханаға, асханаға, дәрігерлік кабинетке, спортзалға өз бетінше бару. Сыныптағы мұғалім үстелін, оқушылардың жұмыс үстелін, оқулықтар мен дидактикалық материалдарға арналған шкафты, тақтаны атауы бойынша тану. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін шусыз ашу-жабу, орындықтың ақырын, абайлап қозғалту. Сыныпта жұмыс орнын тану, жұмыс орнын ретке келтіру. Жұмыс үстелінің бетін, терезе алдын, тақтаны дымқыл шүберекпен сүрту. Сыныптағы едендегі қоқыстарды жинау үшін еден щеткасын, сыпырғышты, қалақты пайдалану. Оқу заттарына, құралдарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын қолданылғаннан кейін оларды шкафтағы орындарына қою. Өз мектеп портфелін және оқу заттарын тану (қарындаш қорап, дәптер). Мұғалімнің көмегімен сабаққа қажетті заттарды портфельден шығарып алу. Сабақтан кейін оқу заттарын портфеліне рет-ретімен қайта салу. Портфельді, қарындаштар, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу. Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Проблемалық жағдайда мұғалімнен, сыныптастарынан көмек сұрау. Көмек үшін рахмет айту. Сыныптасқа көмектесуге, бірлесіп жұмыс жасауға ұмтылу, өтініш білдірту. Басқа оқушыларға кедергі келтірмей, қатар жұмыс істеу;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: ауа райын күнделікті бақылау, табиғаттағы күзгі өзгерістер (күзде өсімдіктер мен жануарлар). Күзге арналған киім таңдау. Балалардың күзгі ойындары. Бақшада, бақта күзгі

жұмыстарды орындау. Табиғаттағы қысқы өзгерістерді бақылау (қыста өсімдіктер мен жануарлар). Қыс мезгіліне киім таңдау. Балаларға арналған қысқы ойындар. Мұздың қасиеттерін бақылау. Табиғаттағы көктемгі өзгерістерді бақылау (көктемдегі өсімдіктер мен жануарлар). Көктемге арналған киім таңдау. Балалардың көктемгі ойындары. Бақшада, бақта көктемгі жұмыстарды орындау. Жазда табиғаттағы өзгерістерді бақылау (жазда өсімдіктер мен жануарлар). Жазғы киімдерді таңдау. Балаларға арналған жазғы ойындар. Жазғы егін жинау. Күнделікті ауа-райын бақылау. Жылдың әр мезгілінде табиғатқа экскурсиялар. Табиғи материалдар жинағы. Табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын, аппликация жасау. Өсімдіктер: көкөністер мен жемістерді сыртқы түріне, түсіне, пішініне, иісіне, дәміне қарай ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және бақтағы бақылаулар. Көрнекі үлгі бойынша көкөністер мен жемістерді топтастыру. Жидектердің сыртқы түрі, түсі, пішіні, иісі, дәмі бойынша ажырату. Жергілікті ағаштарды, бұталарды бақылау және атау. Ағаштар мен бұталарды ажырату. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Жануарлар: үй жануарларының сыртқы түрін, мінез-құлқын, қоректенуін, пайдасын, үй жануарларына күтім жасау жолдарын зерттеу. Үй жануарларына ат қою. Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі, аю, кірпі) сыртқы түрін, өмір салтын, қоректенуін зерттеу. Жануарлар туралы ертегін қоюға қатысу. Құстардың сыртқы түрін, өмір салтын, қоректенуін зерттеу. Құстар туралы ертегін қоюға қатысу. Жергілікті құстарды бақылау. Қыста құстарға көмектесу. Құстарға жем салу астауларын (үйшіктерін) жасау. Тұрғын үй маңындағы құстарды бақылау (мектеп ауласына экскурсия). Жәндіктердің (құмырсқа, шыбын, қоңыз) сыртқы түрін бақылау. Топқа бөлу: үй жануарлары, жабайы аңдар; құстар, жәндіктер. Кейбір балық түрлерін (мысалы, сом, шортан, тұқы) тану және атау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам (ауылым): Әнұранды тыңдау, Гимн орындалғанда оқушының өзін-өзі дұрыс ұстауы, Қазақстанның туын тану. Музыкалық аспаптың атын айту, домбыра үнін тану. Оқушы тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін тану және атау (өзен, көл, тау, орман). Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Өз қалаңның, ауылыңның негізгі мекемелері: дүкен, мектеп, емхананың мақсатын тану және атау. Мектептен үйге баратын жолды білу. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Көлік: мұғалімнің қалауы бойынша көлік құралдарын тану және атау. Жаяу жүргіншілерге арналған жерүсті және жерасты өтпе жолы арқылы көшеден өту ережелерін сақтау. Тротуармен жүру. Жолда жүру ережелерін сақтамаудың қауіптілігін түсіну. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Халыққа қызмет көрсету секторынан: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға, кафелерге ересек адаммен бару. Тауарды сатып алу үрдісін, сатып алушы мен сатушы, дәріхана, пошта қызметкері, медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналандағы адамдарға агрессивті әрекеттер жасамау, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, пошта

қызметкерімен, дәріханамен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді шусыз ашу-жабу. Өзіне-өзі қызмет көрсетеді талап ететін азық-түлік дүкенінде ересек адаммен бірге заттарды таңдау. Өнімдерді кассаға апару үшін себетті, қоларбаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, қоларбаға ұқыпты орналастыру. Дүкенде ересек адаммен бірге арбаны жылжыту. Таңдалған өнімді кассирдің, сатушының алдындағы үстелге дұрыс қою. «Дүкен» рөлдік ойыны. Кафеге бару, дастархан басында отыру ережелерін сақтау, бейтаныс адамдармен сөйлесу (кафе қызметкерлері), әдепті тамақтану, ас құралдары, майлықтарды дұрыс пайдалану.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

36. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші сан білім беру мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодтауында «1» – сынып, «2.1» – кіші бөлім, «4» – оқу мақсатының нөмірленуі.

37. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) «Мен және қоғам» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
1.1. Мен және менің отбасым, достарым	1.1.1.1 ересектермен және құрдастарымен сөйлесуде көз байланысын орнату	2.1.1.1 өз атына, тегіне әудесу	3.1.1.1 өз атына әудесу, өз атын айту	4.1.1.1 өз аты мен тегіне, әудесу, өз аты мен тегін айту
	1.1.1.2 өз атына әудесу	2.1.1.2 әңгімелесушімен амандасу, онымен сөзбен немесе ыммен қоштасу	3.1.1.2 көмек сұрау, тілегін үнмен (сөзбен) білдіру	4.1.1.2 суреттегі отбасы мүшелерін тану, көрсету, атау: анасын, әкесін, әжесін, атасын, ағаларын, апасіңлілерін
	1.1.1.3 сұхбаттаспен амандасу, онымен басын изеп, қол бұлап, сөзбен қоштасу	2.1.1.3 фотосуреттерде отбасы мүшелерін тану және көрсету: ана, әке, әже, ата	3.1.1.3 суреттегі отбасы мүшелерін тану, көрсету, атау: ана, әке, әже, ата	4.1.1.3 фотосуреттердегі жақын туыстарды - апкелерді, ағаларды, нағашыларды, бөлелерді, інілерді тану, көрсету, атау

	1.1.1.4 өзіне назар аударту, келісуді (келіспеуді) білдіру, ризашылықты үнмен (сөзбен), бас изеумен, ыммен білдіру	2.1.1.4 отбасылық фотосуреттерінен жақын туыстарын тану	3.1.1.4 отбасы мүшелерін аттарымен тану және атау	4.1.1.4 отбасының кіші мүшелеріне қамқорлық, үлкендерге құрмет көрсету
	1.1.1.5 өзін, анасын немесе ең жақын адамын суреттен тану	2.1.1.5 отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау (есікті ұстау, кесе, тәпішке, көзілдірік беру)	3.1.1.5 отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау (есікті ұстау, кесе, тәпішке, көзілдірік беру)	4.1.1.5 отбасындағы өз міндеттерін орындау
	1.1.1.6 отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету (орындықты көтеру, кесе беру, есікті ұстау)	2.1.1.6 жақын адамы ауырса, оған жанашырлық білдіру (сипау, құшақтау, заттарды әкелу)	3.1.1.6 отбасындағы өз міндеттерін орындау	4.1.1.6 сыныптастарын, достарын атымен, мұғалімдерін аты мен әкесінің аты бойынша шақыру
	1.1.1.7 жақын адамы ауырып қалса, оған жанашырлық білдіру (сипау, құшақтау, заттарды әкелу)	2.1.1.7 жеке заттарын тану	3.1.1.7 сыныптастарын, достарын атағанда көрсету	4.1.1.7 өткен отбасылық мерекелер туралы ауызша немесе альтернативті коммуникацияларды пайдалана отырып, қарапайым мәлімдемелер құрастыру
	1.1.1.8 ұнататын сыныптасыңызға назар білдіру	2.1.1.8 сыныптасын аты бойынша тану	3.1.1.8 келісу (келіспеу), ризашылықты үнмен (сөзбен) білдіру	
	1.1.1.9 жеке заттарын тану			
1.2. Менің үйім	1.1.2.1 өз үйін, үй ауласын фотосуреттен тану	2.1.2.1 өз үйін, үй ауласын фотосуреттен тану	3.1.2.1 жақын қоршаған орта объектілерін тану (аялдама, дүкен, алаң, стадион)	4.1.2.1 мектепке бару және қайту жолын тану
	1.1.2.2 үйдегі бөлмелерді тану: жатын бөлме, ас үй, ванна, дәретхана,	2.1.2.2 жақын ортада бағдарлау: жақын маңдағы объектілерді тану (дүкен, саябақ,	3.1.2.2 өз үйін, подъезін, қабатын, пәтерін білу	4.1.2.2 отбасындағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін

олардың мақсатын білу	аялдама)		сақтау (үлкендер демалып жатқанда шуламау; отбасының басқа мүшелеріне агрессия көрсетпеу, дастархан басында тамақ ішу)
1.1.2.3 ас үй жиһазын, қонақ бөлме жиһазын, жатын бөлме жиһазын тану	2.1.2.3 отбасында қол жетімді тапсырмаларды орындау (аяқ киім дұрыс қою, лас табақты ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға салу)	3.1.2.3 ас үйдің, жатын бөлменің және олардың жиһаздарының, (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) мақсатын білу	4.1.2.3 үлкендердің еңбегін құрметтеу, отбасында қол жетімді тапсырмаларды орындау (пәтерді жинауға көмектесу: заттарды шкафқа қою, шыныаяқтарды жуу, қасықтарды сүрту)
1.1.2.4 өз ойыншықтарын тану	2.1.2. 4 үйде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау, пәтерде, үйдің ауласында тазалықты сақтау	3.1.2.4 пәтерді, үйді тазалауға барынша көмек көрсету (орындықтарды орналастыру, үстелдегі ыдыстарды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға алу)	4.1.2.4 үйдегі міндеттерін орындау
	2.1.2.5 көмек сұрау, тілегін үнмен (сөзбен) білдіру	3.1.2.5 ата-аналарға, ересектерге өтініш, тілек білдірту, тапсырма беру, үлкендер мен құрдастарға сөйлегенде сабырлық сақтап, сыпайы сөйлеу, олардың	4.1.2.5 ауызша немесе балама коммуникацияны пайдалана отырып, өз тілектері мен сұраныстарын білдіру үшін қарапайым мәлімдемелер құрастыру

			сөзін үзбеу	
		2.1.2.6 үлкендер мен балалармен амандасу, бас изеумен, қол бұлғаумен, сөзбен қоштасу	3.1.2.6 ауызша немесе баламалы түрде ересектермен және балалармен амандасу, олармен қоштасу, өтініш білдіру, келісімін (келіспегенін) білдіру	
1.3. Мектеп	1.1.3.1 ересек адамның көмегімен мектеп ішінде бағдарлау: дәліздерде, сыныпта, асханада, дәретханада, жатын бөлмеде, спорт залында; үлкендердің көмегімен сыныпта өз жұмыс орнын табу	2.1.3.1 мектеп ғимараты ішінде бағдарлау: сыныптар, дәліздер, дәретхана, асхана	3.1.3.1 мектеп бөлмелердің мақсатын түсіну: сынып, жатын бөлме, асхана, киім ілетін бөлме, акт залының, кітапхананың мақсатын түсіну.	4.1.3.1 мектептің ішкі және сыртқы аймақтарында бағдарлау
	1.1.3.2 мектептегі ішкі бөлмелерін тану және ажырату: сыныптар, дәліздер, асхана, дәретхана, дәрігер, логопед, психолог кабинеттері	2.1.3.2 мектеп жиһазының мақсатын түсіну: тақта, парта, орындық	3.1.3.2. спорт залының, акт залының, кітапхананың мақсатын түсіну	4.1.3.2 сыныптастарын атымен атау
	1.1.3.3 мектеп қоңырауларына орай әрекет ету (сабаққа, сабақтан)	2.1.3.3 партада дұрыс отыру	3.1.3.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау	4.1.3.3 мектеп бөлмелердің тағайындалу мақсаттарын түсіну
	1.1.3.4 мектептегі оқушылардың тәртіп ережелерін сақтау: сабақ кезінде шу шығармау, қоңырау соққанда	2.1.3.4 сабақ кезінде, үзіліс кезінде кезекшінің міндеттерін орындау: мұғалімге ойыншықтарды	3.1.3.4 мектептің (интернаттың) күн тәртібін сақтау	4.1.3.4 оқу құралдарын мақсатына сай пайдалану

ғана сыныптан шығу	жинауға, орындықтарды реттеуге көмектесу		
1.1.3.5 оқу құралдарын: қарындашты (қаламды) тану оқу заттарына, дидактикалық материалдарына ұқыпты қарау	2.1.3.5 мұғалім мен тәрбиешінің қарапайым, қол жетімді нұсқауларын орындау. Мысалы: «Майраны шақыр», «Орындықты орнына қой»	3.1.3.5 кезекшінің міндеттерін орындау	4.1.3.5 оқушылардың тәртіп ережелерін сақтау
1.1.3.6 ойыншықтарды тану: доп, машиналар, қуыршақ	2.1.3.6 мектеп құралдарын тану және көрсету: үлгі бойынша (осындай затты бер), аты бойынша (қарындашты ал, портфельді аш)	3.1.3.6 оқу құралдарын мақсатына сай пайдалану	4.1.3.6 мұғалімнің, тәрбиешінің талаптарын, өтініштерін орындау
1.1.3.7 мұғалімдерге, сыныптастарына, мектеп жұмысына жағымды эмоционалды қатынасын білдіру	2.1.3.7 мектеп құралдарын мақсатына қарай пайдалану (қарындаш, портфель)	3.1.3.7 өтініш немесе тілекті сөзбен (дыбыспен) немесе ым-ишарамен білдіру	4.1.3.7 мектептің (интернаттың) күнделікті тәртібін сақтауға
	2.1.3.8 оқу заттары мен ойыншықтарды ажырату		4.1.3.8 мектеп ұжымындағы мінез-құлық нормаларын, тәртіп ережелерін орындау
	2.1.3.9 оқу заттарын портфельден шығару		4.1.3.9 вербалды немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым мәлімдемелерді құрастыру
	2.1.3.10 мектеп заттарын портфельге салу		

2) «Табиғат» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
2.1. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер	1.2.1.1 күн сайын ауа райы жағдайын бақылап отыру (жылы, суық, жаңбыр, қар, жел)	2.2.1.1 мұғалімнен кейін жыл мезгілдерінің атауларын қайталау: көктем, жаз, күз, қыс	3.2.1.1 күн сайын ауа райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн ашық, қар, жаңбыр)	4.2.1.1 сурет бойынша жыл мезгілін анықтау
	1.2.1.2 қардың салқындығын сезіну және оның жылы қолда еруін көру	2.2.1.2 күн сайын ауа райының өзгеруін бақылау (жылы, суық, күн, жел, жаңбыр, қар)	3.2.1.2 табиғаттағы, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: күзде, қыста, көктемде, жазда (жасыл жапырақтар - жапырақтар сарғайған - жапырақтар түсті, құстар ұшып кетті)	4.2.1.2 сюжетті сурет бойынша бақшадағы, бақтағы күзгі және көктемгі жұмыстарды тану
	1.2.1.3 жаңбырды, қарды, желді тікелей сезіну арқылы тану	2.2.1.3 күз айларындағы ауа-райын, табиғаттың өзгеруін бақылау: салқындау, күрт суыту, жаңбырлы күндер	3.2.1.3 күзгі салқындау, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтардың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы, құстардың кетуін айтып көрсету	4.2.1.3 суреттен күзгі жапырақтарды табу
	1.2.1.4 жыл мезгілдерінің белгілерін қадағалау: жапырақ түсі, жапырақтың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы; ағаштардың қысқы тыныштығы, ағаштардағы бүршіктер,	2.2.1.4 күз айларында өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: жапырақтың түсуі, жапырақтарды түсі бойынша ажырату, құстардың кетуі	3.2.1.4 қыста табиғатта болатын өзгерістерді атау немесе көрсету - суық, аяз, қар, мұз, мұзтайғақ	4.2.1.4 күзгі салқындау, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтардың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы, құстардың кетуі атап көрсету

бұталар, гүлдер, ағаштар мен бұталардың гүлденуі, бұталар мен ағаштардағы гүлдердің, жемістер мен жидектердің гүлденуі			
1.2.1.5 жыл маусымына сай киіну	2.2.1.5 өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің қыстағы өзгерістерін бақылау: қар, жапырақсыз ағаштар	3.2.1.5 мұзтайғақ жағдайда мұздың қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)	4.2.1.5 суреттен жаз, қыс, күз, көктем мезгіліндегі табиғат бейнелерін тауып көрсету
1.2.1.6 жыл маусымыны сәйкес таза ауада ойнау	2.2.1.6 қардың салқындығын сезіну және оның жылы қолда еруін көру	3.2.1.6 табиғаттың көктемдегі өзгерістерін атау немесе көрсету – ауаның жылынуы, қардың еруі, құстардың келуі, бұршік жарылуы, даланың гүлденуі	4.2.1.6 күн сайын ауа райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн шуақты, қар, жаңбыр)
	2.2.1.7 мұз қатқан кездегі мұздың қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)	3.2.1.7 табиғаттың жазғы өзгерістерін атау немесе көрсету	4.2.1.7 қыста табиғатта болатын өзгерістерді атау немесе көрсету - суық, аяз, қар, мұз, мұз
	2.2.1.8 көктем айларындағы табиғаттағы өзгерістерді бақылау: ауаның жылынуы, мұз сүңгілері, қардың еруі, құстардың келуі, бұршік жарылуы	3.2.1.8 ұсынылған суреттердің ішінен қыс, жаз бейнесін таңдау	4.2.1.8 мұзтайғақ жағдайда мұздың қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)
	2.2.1.9 жаз айларында табиғаттағы өзгерістерді бақылау: күн жарқырайды,	3.2.1.9 маусымға сай киіну	4.2.1.9 маусымға сай киіну

		гүлдер гүлдейді		
		2.2.1.10 маусымға сай киіну	3.2.1.10 маусымға сәйкес таза ауада ойнау	4.2.1.10 жыл мезгіліне сай киінген балаларды суреттен көрсету
		2.2.1.11 маусымға сәйкес таза ауада ойнау	3.2.1.11 өтініш немесе тілекті сөзбен (үнмен) немесе ым-ишарамен білдіру	4.2.1.11 әр түрлі маусымда ашық ауада ойындар ойнау
				4.2.1.12 көктемде табиғаттағы өзгерістерді байқау (жылы болды, қар ереді)
				4.2.1.13 вербалды немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым чсөйлемдерді құрастырып айту
2.2. Өсімдіктер	1.2.2.1 таныс көкөністерді үлгісі бойынша (тура осындай бер), аты бойынша (сәбізді ал), дәмі бойынша (мысалы, сәбіз) тану	2.2.2.1 көкөністерді үлгі бойынша тану және көрсету (сәбіз, қияр)	3.2.2.1 көкөністерді көрсету және атау: сәбіз, қияр, орамжапырақ	4.2.2.1 суреттегі көкөністерді көрсетіп, атау
	1.2.2.2 екі көкөністен сәбізді үлгісі, атауы, дәмі бойынша таңдау	2.2.2.2 сәбіз мен қиярды үлгілері, аттары, дәмі бойынша басқа көкөністердің ішінен ажыратып табу	3.2.2.2 көкөністердің түсін, пішінін, дәмін атау	4.2.2.2 суреттегі жемістерді көрсету және атау
	1.2.2.3 үлгісі, өлшемдері бойынша екінің ішінен таңдау (үлкен сәбізді бер)	2.2.2.3 жемістерді үлгісі мен атауы бойынша тану және көрсету (алма, алмұрт)	3.2.2.3 жемістерді көрсету және атау: алма, алмұрт, банан	4.2.2.3 көкөністер мен жемістердің түсін, пішінін, дәмін атау
	1.2.2.4 таныс жемістерді үлгісі, атауы,	2.2.2.4 алма мен алмұртты басқа жемістердің	3.2.2.4 жемістердің түсін, пішінін, дәмін,	4.2.2.4 көкөністер мен жемістерді

дәмі бойынша тану (мысалы, алма)	ішінен үлгісі, атауы, дәмі бойынша табу	иісін ажырату және атау	көрнекі үлгі бойынша, жалпылаушы сөз бойынша топтастыру
1.2.2.5 екі жемістің бірін үлгісіне, атауына, дәміне қарай таңдау, мысалы, алманы	2.2.2.5 өлшемі мен аты бойынша таңдау жасау (маған үлкен қияр бер, маған үлкен алма бер)	3.2.2.5 көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша топтастыру, жалпылаушы сөздерді қолдану арқылы	4.2.2.5 көкөністерден дайындалған тағамдарды тану және атау (салат, көкөніс сорпасы)
1.2.2.6 өлшеміне, үлгіге сәйкес таңдау жасау (маған кішкентай алма бер)	2.2.2.6 көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша топтастыру	3.2.2.6 жидектерді (таңқурай, қарақат) тану және атау	4.2.2.6 жемістерден дайындалған тағамдарды тану және атау (тосап, компот)
1.2.2.7 жемістер мен көкөністерді үлгісіне, атауына, дәміне қарай ажырату, мысалы, сәбіз мен алманы	2.2.2.7 жидектерді (таңқурай) сыртқы түрі бойынша (үлгіге сәйкес), дәміне қарай тану және табу	3.2.2.7 жидектердің түсін, пішінін, дәмін атау	4.2.2.7 жақын жерде (жергілікті аумағында) жиі кездесетін жидектерді тану және атау
1.2.2.8 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістердің өсуін бақылау	2.2.2.8 бөлме өсімдіктерін су сепкішпен суару	3.2.2.8 жергілікті ағаштарды тану және атау	4.2.2.8 жидектерден жасалған тағамдарды тану және атау
	2.2.2.9 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау	3.2.2.9 гүлдерді танып, атау - түймедақ	4.2.2.9 жақын жерде (жергілікті аумағында) жиі кездесетін ағаштарды тану және атау
		3.2.2.10 бөлме өсімдіктерін күту ережелерін сақтау (түпқоймасын жуу)	4.2.2.10 үлгі бойынша ағаш бөліктерін көрсету
		3.2.2.11 ауызша немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып,	4.2.2.11 бұта мен ағашты ажырату

			қарапайым сөйлемдерді құрастыру	
			3.2.2.12 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау	4.2.2.12 үлкен жапырақтары бар бөлме өсімдіктерді күту ережелерін сақтау: фикус, бегония (түпқоймаларды жуу, жапырақтарды шаңнан тазарту)
				4.2.2.13 ауызша немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді құрастыру
				4.2.2.14 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау
2.3. Жануарлар	1.2.3.1 үй жануарларын (мысалы, мысықты) үлгісі, атауы бойынша тану	2.2.3.1 үй жануарларын (мысықты, итті) үлгісі, атаулары бойынша тану	3.2.3.1 үй жануарларын көрсету және атау (мысық, ит, сиыр)	4.2.3.1 суреттен үй жануарларын көрсету және атау
	1.2.3.2 үлгі бойынша екі үй жануарларының ішінен мысықты таңдау, макеттер, иллюстрациялар арқылы атау	2.2.3.2 мысықтар мен иттерді дауысынан тану	3.2.3.2 үй жануарларының негізгі дене мүшелерін атау (бас, дене, табан, құйрық)	4.2.3.2 үй жануарларының негізгі дене мүшелерін атау (бас, дене, табан, құйрық)
	1.2.3.3 үлгі бойынша екі өлшемнен таңдау жасау	2.2.3.3 мысық пен иттің денесінің негізгі бөліктерін (басы,	3.2.3.3 мысықты, итті, сиырды дауыс үндерінен тану	4.2.3.3 үлгі бойынша екі өлшемнен таңдау жасау (үлкен

(үлкен мысықты көрсет)	денесі, табаны, құйрығы) үлгіге сәйкес, атауы бойынша көрсету		мысықты көрсет)
1.2.3.4 жабайы жануарларды (мысалы, қоянды) үлгісі, аты бойынша тану	2.2.3.4 үй жануарларын күту (су беру, жем беру)	3.2.3.4 жануарлардың орындайтын әрекеттерін атау (мысық сүт ішеді, сиыр шөп жейді, ит үйшігінде отырады)	4.2.3.4 үй жануарлардың төлдерін тану және атау (марғау, күшік, бұзау)
1.2.3.5 екі жабайы аңнан қоянды үлгісіне, атауына сәйкес таңдау	2.2.3.5 жабайы жануарларды (қоян, түлкі) үлгісі, аты бойынша тану	3.2.3.5 үй жануарларын қамқорлық білдіру, оларға күтім жасауға көмектесу	4.2.3.5 жануарлардың адамға қалай көмектесетінін атап айту (сиыр сүт береді, мысық тышқандарды ұстайды, ит үйді күзетеді)
1.2.3.6 екі заттан (суреттен) таңдау жасау: өлшемі бойынша, үлгі бойынша (тура осындай бер), аты бойынша (үлкен қоян бер)	2.2.3.6 мұғалімнен кейін қайталау, қоян мен түлкінің әдеттеріне еліктеу	3.2.3.6 жабайы жануарларды (қоян, түлкі, аю) көрсету және атау	4.2.3.6 үй жануарларын қамқорлық білдіру, оларға күтім жасауға көмектесу
1.2.3.7 үлгісі бойынша, аты бойынша мысық пен қоянды ажырату	2.2.3.7 үш жануардың ішінен үлгі бойынша қоянды, түлкіні таңдау (осы сияқтыны көрсет)	3.2.3.7 мұғалімнен кейін қайталау, қоян, түлкі, аюдың әдеттеріне еліктеу (музыкалық сүйемелдеу)	4.2.3.7 суреттегі жабайы жануарларды көрсету және атау (қоян, түлкі, аю, кірпі)
1.2.3.8 үй құстарын (мысалы, тауық) үлгі бойынша, аты бойынша тану	2.2.3.8 атауына сәйкес таңдау жасау(түлкіні көрсет, қоянды көрсет)	3.2.3.8 жануарлардың орындайтын әрекеттерін атау (қоян секіреді)	4.2.3.8 суреттен қоянды жазда, қоянды қыста, аюды жазда, аюды қыста тану
1.2.3.9 екі құстың ішінен үлгісіне, атауына сәйкес	2.2.3.9 құсты (тауықты, қазды) үлгісі, атауы бойынша тану	3.2.3.9 жабайы жануарлардың төлдерін тану және атау (көжек,	4.2.3.9 жануарлар туралы ертегін сахналауға

біреуін, мысалы, тауықты таңдау		конжық, жауған)	қатысу, жануарлардың әдеттерін мұғалімнің соңынан қайталау
1.2.3.10 екі құстың ішінен аты бойынша біреуін таңдау (тауықты көрсет)	2.2.3.10 үш құстың ішінен үлгі бойынша тауықты, қазды таңдау (осы сияқты көрсет)	3.2.3.10 құсты дауыс үнінен тану (тауық, әтеш, қаз)	4.2.3.10 жабайы жануарлардың төлдерін тану және атау (көжек, конжық, жауған)
1.2.3.11 жабайы құстардың табиғаттағы әдеттерін байқау, (мысалы, торғайды) аттауы бойынша тану	2.2.3.11 заттың аттауы бойынша таңдау жасау (тауықты көрсет, казды көрсет)	3.2.3.11 құстардың қимылдарын айту (тауық шоқиды, әтеш шақырады, каз жүзеді)	4.2.3.11 үй жануарларын сыртқы түрі бойынша тану, суреттен көрсету, және атау
1.2.3.12 табиғаттағы жәндіктерді бақылау (мысалы, қоңыз), аттауы бойынша тану	2.2.3.12 жергілікті құстарды үлгісі бойынша, аты бойынша тану (торғай, көгершін)	3.2.3.12 мұғалімнің соңынан қайталап, үй құстарының әдеттеріне еліктеу	4.2.3.12 құстарды дауыстары бойынша ажырату
1.2.3.13 аквариумдағы балықтарды бақылау, балыққа жем беру	2.2.3.13 торғайларды, көгершіндерді бақылап қарау	3.2.3.13 жергілікті құстарды сыртқы түрі, дауысы бойынша тану және атау (көгершін, торғай)	4.2.3.13 құстарға тән әрекеттерін атау
